



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасындағы халықтың тұрмыс
сапасы*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ СК)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасы

S.1.3 Байланыс адамының аты

Әбдіразақов Мұхтарбек Әбдіразақұлы

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Наталья Евгеньевна Белоносова

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы,

Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы 8,

Министрліктер үйі, 4-кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

m.abdurazakov@economy.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 74 98 06

S.2 Өзектілік- кіріспе

Тұрмыс сапасы ұғымы адамзаттың өмір сүру жағдайын, сонымен қатар адамдардың жоғары дамыған қажеттіліктері мен мүдделері кешенінің даму және қанағаттану деңгейін көрсетеді. Тұрмыс сапасы объективті және субъективті компонентерді қамтиды, соңғы уақытта соңғысының маңыздылығы арта түсті. Тұлғаның субъективті әл-ауқаты өзіне келесі негізгі индикаторларды қосады, мәселен, халықтың өмірге қанағаттану деңгейі, өмір сүру жағдайларына, денсаулығына, қаржылық жағдайына, тұрып жатқан тұрғын-үй сапасына, ауыз судың сапасына, бос уақыттың бар болуына және басқада өмірлік маңызды ресурстарға қанағаттану деңгейін өзіне қосады.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Сапа бойынша есеп жылына бір рет өткізілетін халықтың тұрмыс сапасын зерттеу бойынша құрастырылды. Тұрмыс сапасын зерттеуге ортақ коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлер, балалар үйі, түрмелер, қонақ үйлер, діни бірлестіктер және осы іспеттес тұрғын-үй жайларда тұратындардан басқа барлық тұрғын жай типтерінде тұратын үй шаруашылықтары кіреді. Осы зерттеуде респонденттердің өмірмен, өмір сүру жағдайларымен, денсаулықпен, қаржылық жағдаймен, тұрып жатқан тұрғын-үй сапасымен, ауыз судың сапасымен, бос уақыттың бар болуымен қанағаттануы, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтермен және тұрмыс деңгейінің өзге де аспектілерімен қанағаттану деңгейі зерделенеді.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Тұрмыс сапасы бойынша үй шаруашықтарын зерттеуде көпшілік мақұлдаған жектелімдер қолданылмайды, бірақ ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің басшылығы бекіткен белгілі бір анақтамалықтар пайдаланылады.

S.4.3 Секторлық қамту

Зерттеу мақсатына сәйкес респонденттердің келесі тұрмыс сапасының аспектілеріне қанағаттанушылығы зерделенеді:

1. жалпы өмірге
2. тұрмыс жағдайына
3. денсаулық жағдайына
4. қаржылық жағдайына
5. кәсіби біліктілігіне
6. тұрғын-үй сапасына
7. денсаулық сақтау саласындағы қызметтерге
8. білім беру саласындағы қызметтерге
9. басқа да мемлекеттік қызметтерге

Сонымен қатар, осы зерттеу халықтың тұрмыс сапасына әсер ететін кейбір объективті факторларға қатысты мәселелерді де қамтиды:

1. материалдық қамтамасыз ету
2. әл-ауқаттың өзгеруі
3. азық-түлік қауіпсіздігі
4. үй шаруашылықтарының айырылуы (депривация)

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

Халықтың тұрмыс сапасы үй шаруашылықтарын зерттеу арқылы зерделенеді. Осы зерттеуде өмірге, өмір сүру жағдайларына, денсаулыққа, қаржылық жағдайға, тұрып жатқан тұрғын-үй сапасына, ауыз судың сапасына, бос уақыттың бар болуына сұралған респонденттердің қанағаттануы, сонымен қатар денсаулық сақтау, білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерге қанағаттануы және тұрмыс деңгейінің өзге де аспектілері зерделенеді.

Үй шаруашылығы - бірге тұратын, өз табыстары мен мүлкін толықтай немесе ішінара біріктіретін және тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді бірлесіп тұтынатын бір немесе одан да көп жеке тұлғалардан құралған экономикалық субъект;

15 жастағы және одан асқан үй шаруашылығының бір мүшесі тұрмыс сапасы бойынша зерттеудің респонденті ретінде танылады.

Соңғы рет халықтың тұрмыс сапасы бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу 2019 жылғы наурызда (жылына бір рет) жүргізілді.

S.4.5 Статистикалық объект

Зерттеу объектісі үй шаруашылығы болып табылады

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Бас жиынтыққа ортақ коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде, балалар үйінде, түрмелерде, қонақүйлерде, діни бірлестіктер мен басқа да ұқсас тұрғын үй-жайларда тұратындарды қоспағанда, тұрғын үй-жайлардың барлық типінде тұратын үй шаруашылықтары кіреді. Сондай-ақ зерттеу бірлігі де болып табылатын іріктеудің түпкілікті бірлігі ретінде үй шаруашылығы анықталды.

S.4.7 Аумақтық қамту

Іріктемелі зерттеу Қазақстан Республикасының барлық аумағын қамтиды (14 облыс және республикалық маңызы бар қалалар, астана)

S.4.8 Қамту уақыты

Халықтың тұрмыс сапасы бойынша үй шаруашылықтарын іріктеп зерттеу жылына бір рет 2015 жылдан бастап жүргізіледі.

S.4.9 Базалық кезең

Қолданылмайды

S.5 Өлшем бірлігі

Пайыз

S.6 Есепті кезең

жылына бір рет

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағаның м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

5. Белгіленген заңнамалық тәртіппен ҚР ҰЭМ СК төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда N6388 болып тіркелген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары.

8. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 179 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу бойынша сұхбат жүргізу әдістемесі (14.12.2015 ж. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12412 болып тіркелді);

9. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 14 желтоқсан № 202 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі;

10. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 208 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеуді ұйымдастыру жөніндегі әдістеме (15.01.2016 ж. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12871 болып тіркелді).

Барлық әдіснама ҚР ҰЭМ СК-нің www.stat.gov.kz сайтында Халықтың өмір сүру деңгейі бөлімінде орналасқан. Статистикалық құрал ҚР ҰЭМ СК-нің барлық құрылымдық бөлімшелерімен келісілген.

S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Құпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректерді қорғау және құпиялылығына кепілдік қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық құпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы № 252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидаттары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың құпиялылығын, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпаратты қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Құпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес. Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК www.stat.gov.kz сайтында «Негізгі» // «Негізгі құжаттар» бөлімінде орналасқан.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК сайтында www.stat.gov.kz «Негізгі» бөлімінде// «Негізгі құжаттар» орналасқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР ҰЭМ СК www.stat.gov.kz сайтының Негізгі - Ресми статистика - Салалар бойынша - Тұрмыс деңгейі статистикасы - Бюллетендер

S.10 Тарату жиілігі

жылына бір рет

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

Баспасөз-хабарламасы: Қазақстан Республикасындағы халықтың тұрмыс сапасы (жына бір рет)

S.11.2 Жарияланымдар

ҚР ҰЭМ СК www.stat.gov.kz сайтының Басты бет - Ресми статистика - Салалар бойынша - Тұрмыс деңгейі статистикасы бөлімінде. Электронды түрде жыл сайынғы статистикалық бюллетені орналастырылады «Қазақстан Республикасындағы халықтың тұрмыс сапасы»

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» ақпараттық-талдау жүйесіне тұрмыс сапасы бойынша статистикалық деректер жүктелмейді.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Жүзеге асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 2 шілдедегі № 168 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 13 тамызда № 6388 болып тіркелген

Деректер базаларын сәйкестендірілмеген түрінде ғылыми мақсаттарда ұсыну және пайдалану қағидалары.

S.11.5 Өзге де

«Экономика және статистика» тоқсан сайынғы ғылыми-ақпараттық журналында кезең-кезеңмен мақалалар жарияланады.

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Жүзеге асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 778 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2010 жылы 13 тамызда №6388 болып тіркелді.

2. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 179 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу бойынша сұхбат жүргізу әдістемесі (14.12.2015 ж. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12412 болып тіркелді);

3. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 202 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі;

4. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 208 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеуді ұйымдастыру жөніндегі әдістеме (15.01.2016 ж. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12871 болып тіркелді).

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.
2. ҚР ҰЭМ СК Сапа саласындағы мақсаттары, Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасының Сапа саласындағы мақсаттары.
3. Сапа менеджменті жүйесі құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.
4. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.
5. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алудың негізгі принциптерін сақтау;
- стандартты статистикалық жіктелімді пайдалану;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі бар;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада, әкімшілік деректермен, салааралық);
- іріктемелі жиынтық ротациясы;
- деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайту және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы деректерді электронды форматты енгізу деңгейіне дұрыстықты тексеру анықталған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

S.13.2 Сапаны бағалау

КАZSTAT аясында Д002 «Халықтың тұрмыс сапасы» статистикалық нысаны халықаралық сарапшылардың пікірлерін ескере отырып өзектендірілді. Сонымен қатар Қазақстандағы көпөлшемді кедейшілікті зерделеу мақсатында осы статистикалық нысан табыстар мен тұрмыс жағдайы бойынша Еуропалық Одақтың статистикасы (The European Union Statistics on Income and Living Conditions (EU-SILC)) құралдарының мәселелерін ескере отырып, қайта қаралды.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Ақпаратты пайдаланушылар: мемлекеттік органдар, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті, Еуразиялық экономикалық комиссия, БҰҰ

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

Q-002 «Пайдаланушыларға сауал салу» сауалнамасына сәйкес Комитет жыл сайын ресми статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға сауал салу жүргізіледі

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

Қолданылмайды

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі 2010 жылға арналған «Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу үшін жаңа іріктемені әзірлеу» бірлескен экономикалық зерттеу жобасын іске асыру шеңберінде Дүниежүзілік банк сарапшыларының ұсынымдары негізінде әзірленген. Аталған Әдістеме әлемдік тәжірибеде қабылданған іріктемені құру әдістеріне сәйкес келеді және сапалы статистикалық деректер алуды қамтамасыз етеді.

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

Бағаланатын құбылмалар категориялық немесе дискретті болуына байланысты дисперсияға және стандартты ауытқуға талдау жасалынбайды.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

Іріктемемен байланысты емес қателерге талдау жасалынбайды.

S.15.3.1 Қамту қатесі

Зерттеу барысында тұрғын үй табылмауына немесе оған адам қоныстанбауына немесе үй шаруашылығы зерттеуге қатысудан бас тартуына байланысты үй шаруашылығына сауал жүргізу мүмкін болмайтын жағдайлар орын алуы мүмкін. Зерттеуге қатысудан бас тарту орынсыз құбылыс болып табылады, өйткені іріктеменің көлемін қысқартады және негізінен іріктеменің ықтимал ығысуының қайнар көзі және бұрмаланған статистикалық нәтижелерге алып келеді.

Деректерді алмау мәселесін жеңудің ең тиімді тәсілі әрбір жағдайды егжей-тегжейлі құжаттау болып табылады. «Алмастыруды болдырмау» қағидатын сақтау бойынша қиындықтар туған жағдайда, әрбір кластерде үй шаруашылықтарының саны 1/3 мөлшерінде (әрбір интервьюерге 10 үй шаруашылығынан) үй шаруашылықтарының резервтік тізімі көзделген.

Жалпы алғанда әрбір кластерде 40 тұрғын үй таңдап алынады: атаулы іріктемеде – 30 және алмастырылатыны – 10. Сонымен қатар Деректерді толық ала алмау жағдайларының орнын толтыру үшін сол елді мекендегі барлық жауап берген үй шаруашылықтары үшін үлкен салмақтар беру арқылы салмақтарды түзетудің қарапайым сызбасын қолдану ұсынылатынын атап өткен жөн. Зерттеуге қатысудан бас тарту жағдайларынан деректерді ала алмау жылына 5% құрады.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Қолнадылмайды

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

Қолданылмайды

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Қорытындылар бюллетенде респонденттер алғашқы статистикалық ақпаратты ұсынғаннан кейін 100-күні жарияланады және түпкілікті болып табылады. Шығару күні статистикалық жұмыстар жоспарында және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы қорытындылар түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және ҚР ҰЭМ министрінің бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес жарияланады. Нақты және жоспарлы күндер сәйкес келеді, 2019 жылы жарияланымдардың мерзімінен кешіктіру орын алмады. Егер жарияланымдар демалыс немес мейрам күндеріне түссе, онда жарияланымдарды шығару келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Өңірлер арасында деректер салғастырмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Заманауи болмысты және құбылмалы жағдайларды есепке ала отырып, статистикалық нысанды кезең-кезеңімен қайта қарауға және өзектендіруге байланысты кейбір деректер бойынша динамикалық қатарлар салыстырмалы болмауы мүмкін.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі 2010 жылға арналған «Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу үшін жаңа іріктемені әзірлеу» бірлескен экономикалық зерттеу жобасын іске асыру шеңберінде Дүниежүзілік банк сарапшыларының ұсынымдары негізінде әзірленген. Аталған Әдістеме әлемдік тәжірибеде қабылданған іріктемені құру әдістеріне сәйкес келеді және сапалы статистикалық деректер алуды қамтамасыз етеді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 17 қарашадағы № 179 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу бойынша сұхбат жүргізу әдістемесі (14.12.2015 ж. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12412 болып тіркелді);

ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 202 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі;

ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 208 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеуді ұйымдастыру жөніндегі әдістеме (15.01.2016 ж. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12871 болып тіркелді).

S.19 Жүктеме

«Үй шаруашылығы құрамының бақылау карточкасы» D 008, «Күнделікті шығыстарды есепке алу күнделігі», D 008 «Халықтың тұрмыс сапасы» статикалық нысандарында өмірге, өмір сүру жағдайларына, денсаулыққа, қаржылық жағдайға, тұрып жатқан тұрғын үй-жай сапасына, ауыз судың сапасына, бос уақыттың бар болуына сұралған респонденттердің қанағаттануы, соның ішінде денсаулық сақтау, білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтерге қанағаттану және тұрмыс деңгейінің өзге де аспектілері туралы ақпарат келтірілген. Деректерді жинау қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. 2019 жылы зерттеуде респонденттер ретінде 11931 үй шаруашылығының 15 және одан жоғары жастағы бір мүшелсі қатысты. Ақпаратты өңдеу процестері жергілікті бағдарламалар кешендерді қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау көзделген. Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Әкімшілік деректер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Статистикалық нысанды қайта қарауға негіз - халықаралық ұйымдардың ұсынымдары мен мемлекеттік органдардың статистикалық құралдарды қайта қарау және деректерді өңдеу деңгейінде берген ұсыныстары болып табылады. Соңғы рет статистикалық нысан 2018 жылы EU-SILC сұрақнамаларын ескере отырып қайта қаралды.

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Статистикалық ақпаратты жинау респонденттің өз бетінше статистикалық нысанды толтыруымен жүзеге асырылады. 15 жастағы және одан асқан үй шаруашылығының мүшесі респондент ретінде танылады. Статистикалық нысанды толтыру кезінде респондент ұсынылатын сұрақтарға жауап берген кезде өзінің жеке әсерлерін (сезімдерін) басшылыққа алуы қажет. Респонденттің қанағаттанушылық дәрежесі ұсынылып отырған 1-ден 10-ға дейінгі шәкіл арқылы айқындалады, мұнда 1-ден 3-ке дейін – қанағаттанбаушылық, 4-тен 7-ге дейін - ішінара қанағаттанушылық, ал 8-ден 10-ға дейін - толық қанағаттанушылық.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

жылына бір рет

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау әдісі- сұхбаттасу әдісімен жүргізіледі. «Үй шаруашылығы құрамының бақылау карточкасы» D 008, «Халықтың тұрмыс сапасы» D 002 статистикалық нысандарын толтыру арқылы қағаз жеткізгіште деректерді жинау жүзеге асырылады. Алғашқы статистикалық деректерді жинау интервьюерлердің тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу бойынша жалпы мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кестесіне сәйкес, осы әдістемеге 1-қосымшада ұсынылған нысанға сәйкес жүзеге асырылады. Деректерді тіркеу сауал салу әдісі арқылы жүргізіледі. Зерттеудің басты компоненті болып табылады: үй шаруашылығымен бірінші байланыс орнатылатын, үй шаруашылығының барлық мүшелерінің тізімі құрастырылатын, тұтастай алғанда үй шаруашылығы және үй шаруашылығының әр мүшесінің жекелеген мінездемелері туралы негізгі ақпарат жиналатын, келесі сұхбаттың күні белгіленетін негізгі сұхбат

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерді өңдеу рәсімі деректерді редакциялау, импутациясын және біріктіруді қамтиды.

Өндеудің бірінші кезеңінде деректер базасын редакциялау жүзеге асырады және жұмыс қалпына келтіріледі. Ол үшін бақылаудың мынадай түрлері жүргізіледі:

1)экстремалдық мәндерді анықтау үшін бақылау (аутлайерлер). Көрсеткіштердің экстремалдық мәндерінің аясы шекарасы орташа квадратты ауытқу мөлшеріне көрсеткіштердің орташа мәнінің ауытқуымен анықталатын интервалдан тыс орналасқан;

2)сандық көрсеткіштердің ең жоғарғы және ең төменгі мәндері талданады;
3)респонденттерден келіп түскен ақпараттың сапасын бағалау. Осы мақсатпен сұрақнаманың әрбір бөлімінің ішінде енгізу қателерін, сондай-ақ үй шаруашылықтары тарапынан болатын тіркеу қателерін жоюға мүмкіндік беретін логикалық бақылау жүйесі құрылады: үй шаруашылықтары үшін типтік емес шығыстар (экзотикалық азық-түлік өнімдерін немесе үй жануарларын тамақтандыру үшін қымбат тұратын азық-түлік өнімдерін сатып алу), тұрғын үй алаңы жалпы алаңнан үлкен болмауы қажет;

4) әр түрлі статистикалық нысандардан алынған ақпараттың логикалық байланысына негізделген бақылау. Екі жақты сұраулардың көмегімен сұрақнамалар арасындағы өзара байланыс тексеріледі, нысандарды толтырудың толықтығы бақыланады.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

D002 "Халықтың тұрмыс сапасы" және D008 «Үй шаруашылығы құрамының бақылау карточкасы» статистикалық нысандары бойынша импутация жүргізілмейді

S.21.6 Түзету

Жүргізілмейді

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Халықтың тұрмыс сапасы статистикалық нысаны бойынша деректерді жинау жылына бір рет жүргізіледі, сондықтан мезгілдік ауытқуларға түзетулер жасалынбайды.

S.22 Ескерту

Деректердің сапасын қамтамасыз ету бойынша жұмысты одан әрі жалғастыру.